

**ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ
КҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ
ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ
МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ**

3. Э.Аронсон «Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе», 2018
4. Введение в гендерные исследования, 2001
5. Н.Кулида «Не ломайте голову, ломайте стереотипы!», 2009
6. Гендерлік стереотиптер: олар не және ерлер мен әйелдердің мысалдары:
<https://kk.warbletoncouncil.org/estereotipos-de-genero-4871>
7. О.А. Дубовова «Особенности гендерных стереотипов студенческой молодежи в семейно-брачной сфере», 2010
8. В.Г. Кычкина «Влияние гендерных стереотипов на поведение студентов», 2019
9. А.В. Меренков «Социология стереотипов», 2001

ӘОЖ 159.9.

**ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ БАЛАЛАРҒА
ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ**

Шакеева А.Б., Жанбатырова А., 3 курс, психология мамандығы А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Каирова Б.К., аға оқытушы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Мақалада девиантты мінез-құлықты балалардың әлеуметтік-психологиялық, психоэмоционалдық өрісін түзету мақсатында Қостанай облысы орталығында орналасқан кәметке толмаған ауытқушы мінез-құлықты балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету және оның нәтижесінде алынған жақсы нәтижелер қарастырылған.

Қазіргі қоғамның ең күрделі және өзекті мәселелерінің бірі – балалар мен ересектер арасындағы мінез-құлықтың қоғамдық, жалпы адамзаттық нормалардан ауытқуы болып табылады. Жыл сайын ауытқушы мінез-құлықты балалар мен ересек адамдардың саны көбейіп, педагог, психолог, криминалист, әлеуметтанушы т.б. ғалымдардың назарын өзіне аударып отыр. Ауытқушы мінез-құлық ғылыми зерттеулерде девиантты (лат. *deviatio* – ауытқу) терминмен алмасып, қазіргі кезде ғылыми әдебиеттерде осы түсінікпен ғылыми-зерттеу феноменіне айналды [1,164 б].

Осы мақалада баланың мінез-құлқындағы ауытқулардың себептері қоғамның саяси, әлеуметтік-психологиялық, саяси-экономикалық тұрақсыздығының, бұқаралық мәдениеттегі жалған мәдениеттің ықпалының күшеюі, әлеуметтік жайсыз отбасылық-тұрмыстық қатынастардың шиеленісуі, ата-ана жағынан бақылаудың болмауы, т.б. көптеген себептерден туындаған девианттық мінез-құлық мәселесі қарастырылады.

Негізінен ауытқушы мінез-құлықты балалар мәселесі психология ғылымында ХХ ғасырдың 20 жылдары пайда болды. Оны алғашында «қиын балалар» түсінігімен атақты ресей психологы П.П. Блонский өзінің зерттеу жұмыстарында бастаған болатын. Одан кейін осы мәселені оқып зерттеуге Бехтерев В.М., Абрамова Г.С., Алемаскин М.А., Антонян Ю.М., Беличева С.А., Глоточкин А.Д., Дубровина И.В., Знаков В.В., Иванов Е.Я., Ковалёв А.Г., Кон И.С., Кондрашенко В.Т., Личко А.Е., Миньковский Г.М., Невский И.А., Пирожков В.Ф., Платонов К.К., Е.В. Змановская және т.б. зор үлес қосты.

Бұл мәселе Қазақстандық педагогика, психология ғалымдардың да зерттеулеріне негіз болған, мысалы, Л.К. Керімовтың еңбегінде девиантты баланы қайта тәрбиелеу тұжырымдамасы және психологтың ондай балалармен жасайтын іс – әрекеттің белгілі жүйесін жасап көрсеткен. Ш.Е. Жаманбалаева өз еңбектерінде девиантты мінез – құлықтың әлеуметтік

ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ

аспектілерін зерттеп, олармен әлеуметтік-психологиялық жұмыстың принциптерін қарастырған. Ал, Д. Қазымбетова өз еңбектерінде девиантты мінез – құлық тудыратын факторларды қарастыра отырып, отбасы тәрбиесіне, ата-анаың жалпы мәдениеті мен тәрбиесі туралы мәселені көтерген. Р.А. Назмутдинов девиантты балалардың қажеттілік-құндылық өрісі мәселесін зерттей келе, девиантты балалардың рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесінің төмен деңгейде дамуы, материалдық құндылықтарының қанағаттанбауы нәтижесінде көптеген жеткіншектер ауытқушы мінез-құлықтар жасағаны анықталған.

Алайда, бұл жұмыстарды талдау кезінде қазіргі девиантты балалармен жүргізілетін мінез-құлық ауытқушылықтарының алдын алу мәселесі бойынша толық көлемде мағлұматтар аздығы байқалады. Қазіргі өмірдің талабына сай девиантты балалардың ауытқушылық мінез-құлқының алдын алуда өз шешімін талап ететін бірқатар шұғыл міндеттер бар. Сонымен қатар, балалармен бос уақытта жұмыс істейтін үйірмелер мен мамандардың жеткіліксіздігі байқалды. Тұрғылықты жері бойынша балалар клубтарының, мектептен тыс балалармен жұмыс істейтін мекемелердің, жазғы еңбек лагерьлердің саны кеңес уақыты кезіндегі жағдаймен салыстырғанда әлде қайда аз. Нарықтық экономикаға көшкелі көптеген ата-аналардың тәрбие берудегі рөлі төмендеді. Балалар мектептегі сабақтан тыс уақытта бос уақыттарын өз еркінше өткізеді. Девианттық мінез-құлықтың кең өріс алуына ғаламтордың да ықпалы зор. Ата-ананың бақылауынсыз бос уақыттың бәрін көптеген балалар виртуалды әлемде өткізеді, сонымен қатар, көптеген балалар әртүрлі компьютерлік ойындарға өзінің бос уақытының бәрін дерлік арнайды.

Бүгінгі күні білім беру саласын компьютерсіз елестету мүмкін емес. Балалар күрделі техниканы жылдам және үздік меңгереді. Оқу-тәрбие жұмысында компьютерлік технологияларды қолдану барысында мектеп оқушыларының логикалық ойлау қабілеті жылдамдап, танымдық қызметтерді оптималды дамиды және өмірге бейімділіктері жоғарылайды. Дегенмен, компьютерді ересектердің бақылауынсыз балалардың қолдануы, ондағы зорлық-зомбылық көріністерге толы ойындарға үйір болуы, олардың агрессивті фантазияларын қарқынды дамытып, қоғамға қауіп төндіріп тұрғаны бүгінгі күні ақиқат. Балалар виртуалдық әлемнен агрессивті қимыл-әрекеттерді өздерінің кейбір жоспарларын жүзеге асыруда қолдануға әдеттеніп, шынайы өмірде экраннан көргендерін жүзеге асыруға, бірте-бірте өз мәселелерін шешетін әмбебап құрал ретінде қолдануда [2].

Девиантты мінез-құлықтың себептерінің ішінде көптеген зерттеушілер тұқым қуалаушылықты, отбасындағы бала тәрбиесіне неқұрайлы қараушылықты, әлеуметтік ортаның жайсыздығы, оқу-тәрбие жұмысындағы олқылықтарды алға тартады. Бұл факторлардың барлығы бала психикасына, оның әлеуметтік мінез-құлқына тікелей немесе жанама түрде әсер етеді. Осыған байланысты Ю.А. Клейберг, Т.Р. Әлімханова, А.В. Мисько девианттық мінез-құлықтың биологиялық, психологиялық және әлеуметтік үш негізгі факторларын бөліп қарастырған.

Биологиялық балалардың физиологиялық ерекшеліктерінен, яғни ағзаның өмірлік маңызды жүйелерінің (бірінші кезекте жүйке жүйесінің) тұрақсыздығынан көрінеді.

Психологиялық – балалардың когнитивтік сферасының, өзіндік бағасының, ерік-жігері мен мотивациясының төменгі деңгейде дамуымен байқалады.

Әлеуметтік фактор – әлеуметтік ортадағы өзін-өзі ұстауы, мінез-құлық, қарым-қатынас жасау дағдыларының қалыптаспауы т.б. [3,172 б].

Көптеген авторлардың пікірінше, девианттық мінез-құлықтың пайда болып дамуы отбасы институтында орын алып, баланың басқа әлеуметтік институттарға бейімделуіне мінез-құлқындағы жағымсыз тәжірибелер мен қарым-қатынас жасаудың дөрекі формалары кедергі

ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ

келтіреді. Г.Г. Шиханцов осындай қолайсыз отбасылардың келесі түрлерін ажыратады: жан-жалды, моральды азғындалған, ішкіштер, криминалды т.б. Мұндай отбасылар балаға


- тәрбиелеудегі зорлық-зомбылықтың жоғары деңгейі;
- балаға өзіншіл пікірлерден артық дербестік беру, бос жіберу;
- тәрбие мәселесі бойынша ата-аналардың өзара келіспеушіліктері;
- балаға тым ерекше құрмет пен еркелік (гиперопека).
- отбасы мүшелерінің арасында жылы эмоционалдық қатынастың болмауы [4, 272 с].

Бала кезінен өзара түсіністік, сыйластық, қамқорлық сияқты құнды қасиеттерді сезінбеген балалар агрессивті, мазасыздық және үрей деңгейі жоғары болып қалыптасады. Олар әлеумет ортасының ықпалдарына секемдікпен сенімсіздікпен қарап, агрессивті жауап қайтаруға әрқашанда дайын тұрады. Сондықтан да, мінез-құлқында ауытқушылықтары бар балаларға дер кезінде әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету арқылы оларды әлеумет ортасына бейімдеу қазіргі педагог-психолог, әлеуметтік педагогтардың, жалпы адамзаттың басты міндеті болып табылады.

Девиантты мінез-құлықты балаларға әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету, қиын әлеуметтік жағдаяттардан оңтайлы шығу дағдыларын қалыптастыру мақсатында Қостанай облыстық бейімдеу орталығындағы балалармен зерттеу, әлеуметтік-психологиялық түзету жұмыстары жүргізілді. Зерттеу жұмыстарымызға 14 бала қатысты. Жастары 5-16-да. «Жаңбыр астындағы адам», (Е.В. Романова, Т.И. Сытько), «Менің отбасым» (Л. Корман) және «Қол тестісі» (Курбатова Т.Н., Муляр О.И.) проективті әдістемелері қолданылды. Зерттеу және әлеуметтік-психологиялық түзету жұмыстары қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан айларында ұйымдастырылып жүргізілді.

«Жаңбыр астындағы адам» әдістемесі адамның эго күшінің диагностикасын, әлеумет ортасының ықпалдарына қарсы мазасыздық, сенімсіздік, қанағаттанбаушылық, қорқыныш, тұйықталып жабылау реакцияларын анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістеме тәжірибеге дейін және кейін екі рет өткізілген болатын. Әдістеме бойынша салынған суреттерден алынған нәтижелер балалардың бойынан мазасыздық, сенімсіздік, қанағаттанбаушылық, тұйықтық, инфантильділік, қорқыныш сияқты сезімдердің психокоррекциялық жұмыстарға дейін жоғарғы деңгейін байқатса, түзету жұмыстарынан кейін оның біршама төмендегенін анықтады.




Сурет 1 «Жаңбыр астындағы адам» әдістемесі (Е.В. Романова, Т.И. Сытько)

Г.Г. Шиханцовтың пікірінше, девиантты мінез-құлықтың негізгі факторы бұл – отбасы институты, ата-анасы. Сондықтанда келесі қолданылған әдістеме зерттелуші балалардың ішіне тереңірек үңіліп, оларды не мазалайды, ол нені армандайды, қоршаған әлемді, отбасын және өзін қалай қабылдайтынын анықтауға көмектесетін Л.Корманның «Менің отбасым» проективтік әдістемесі қолданылды.

ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ

Нәтижесінде зерттеу жұмысына қатысқан балалардың:


- 5 бала өзінің отбасына оралғысы келмейді;
- 7 отбасын сағынып жүрген балалар;
- 2 бала отбасы мүшелерінен анасын, не әжесін ғана жақсы көреді, ал басқа отбасы мүшелерімен жағымсыз эмоциясы бар екен деп тұжырым жасадық.



Сурет 2. «Менің отбасым» (Л.Корман) проективті әдістемесінің нәтижелері

Зерттеу жұмыстары кезінде әңгімелесу арқылы олардың ата-анасына деген кекшілдікті, агрессивтілікті байқадық. Бұл балалар осы бейімделу орталығында қалғанды қалады, ал енді біреулері отбасының суретін салудан бас тартты. Олар қалаулары бойынша еркін тақырыпқа сурет салды. Бұдан балалардың девиантты мінез-құлқына отбасындағы жайсыздықтар әсер еткенін және ондай отбасына қайтып баруды қаламайтындықтарын анықтадық.

Келесі қолданылған әдістеме «Қол тесті»(Курбатова Т.Н., Муляр О.И.). Бұл әдістеме зерттеу жұмысына қатысқан балалардың агрессивтілік, дөрекілік, ашушандық пен эмоцияның тұрақсыздығын анықтауға мүмкіндік береді. Қазан-ақпан айларында әлеуметтік-психологиялық түзету жұмыстарынан кейін екінші қайтара диагностика жасалынды, нәтижелері төмендегі суретте келтірілген.



Сурет 3. «Қол тесті» әдістемесінің нәтижелері

Суреттен көріп отырғанымыздай түзету жұмыстарынан кейін зерттеу тобындағы балалардың психоэмоционалдық өрісінде айтарлықтай дианмикалы өзгерістерді көріп отырмыз, яғни, балалардың агрессивтілігі, дөрекілігі төмендеп, конструктивті қарым-қатынас жасау дағдылары жоғарылады.

ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ

Жүргізілген психологиялық-педагогикалық түзету жұмыстарының нәтижесінде кәметке толмағандарды бейімдеу орталығындағы тәрбиеленушілердің психоэмоционалдық өрістері біршама тұрақталып, агрессия, қорқыныш, дөрекілік деңгейлері төмендеді. Балалардың коммуникативтік сферасында да тиімді өзгерістер орын алды. Арнайы іріктеп алған ойындар мен жаттығулардан тұратын психологиялық-педагогикалық бағдарлама зерттелшілердің тұлғалық қасиеттерін нығайтуға және оқу мотивациясын жоғарылатуға тиімді ықпал етті.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Ребер «Большой толковый психологический словарь» / М., 2013
2. Л.К. Керімов «Қиын жасөспірімдерді жеке-дара қайта тәрбиелеу теориясы мен практикасы» / А., 2009
3. С.А. Беличева «Социально-педагогическая диагностика и сопровождение социализации несовершеннолетних: учеб. Пособие» / М., 2013
4. Г.Г. Шиханцов «Психология несовершеннолетних правонарушителей» / М., 2016

УДК 378

ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ

Кальян В.В., 3 курс, изобразительное искусство и черчение, педагогический институт, Костанайский региональный университет им. А.Байтурсынова

Ордашева М.Ж., старший преподаватель кафедры искусств, магистр педагогики и психологии, Костанайский региональный университет им. А.Байтурсынова

В статье рассматриваются вопросы важности и место ценностей в жизни молодых людей. Перечислены основные ценности по исследованию ученых современности. Также автор провел анализ ценностей своего окружения, и дала описание своего отношения к ценностям.

Актуальность данной темы определяется тем, что вопросы ценностей всегда играли главную роль в переходные этапы социального развития. Именно такое время испытывает наше социум, с его не устойчивостью и резкими общественными волнениями.

Ценности различны и многолики – материальные и духовные, личные, групповые и общественные, классовые, этнические, религиозные и многие другие. А общечеловеческие ценности – это основательные, общечеловеческие ориентиры и нормы, также общепризнанных мерок, нравственные общепризнанных мерок, представляющие безусловным эталоном с целью людей абсолютно всех цивилизаций также веков. К ним относятся такие ценности как свобода, справедливость, мудрость, торжество, добро, правда, любовь, красота. И среди такого рода ценностей исходная, центральная и важнейшая – жизнь человека.

А.В. Кувакин о ценностях писал так: «Область ценностей – это вся область человеческого существования. Но центральной среди них является ценность человеческой жизни. Жизнь – стержневая, базовая ценность человека» [1 с. 38].

Но ценности являются не постоянными. По изменениям мира, положение ценностей меняются. Ценности могут преобладать или уступать в зависимости от жизненных ситуаций, в начале жизни – на определённый период могут стать главными ценности, привитые роди-